

"Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 31 қаңтардағы N 105

Реформаларды жетілдіру және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің іс-қимылы Бағдарламасына сәйкес, нарықтық қатынастарды қалыптастыру, бәсекелестікті дамыту мен жекешелендіру процесін тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің және "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы Бақылаушы кеңесінің осы компанияны "Астық" акционерлік компаниясы етіп қайта ұйымдастыруы туралы шешімі қабылдансын.

2. <*>

3. <*>

Ескерту. 2,3 тармақтар күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.11.06.

N 1450 қаулысымен. P951450_

4. "Астық" акционерлік компаниясына астық және астық өнімдерін мемлекетке сатып алуға, сақтауға, ұқсату мен сатуға құқық берілсін.

5. Мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылы астық сатып "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы арқылы орталықтандырылған қаражат есебінен жүзеге асырылғаны ескеріліп, аталған қаражаттың мұрагері "Астық" акционерлік қоғамы болып табылады деп белгіленсін. Мемлекеттік астық ресурстарының барлық көлемі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тапсырмалары негізінде "Астық" акционерлік компаниясы беретін нарядтар бойынша ғана пайдалануға тиіс.

Республиканың мемлекеттік ресурстарындағы астықтың бөлінуі мен пайдаланылуына облыс әкімдерінің араласуына тыйым салынсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және "Астық" акционерлік компаниясымен бірлесе отырып бір ай мерзім ішінде қайта ұйымдастырылған "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясының міндеттемелері бойынша мұрагерлерін белгілесін.

7. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен және "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясымен бірге бұрын "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамында болған Мемлекеттік астық инспекциясының мәртебесі мен қызмет ету тәртібі туралы Қазақстан Республикасының

Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін;

нан өнімдерінің саласы бойынша басқарудың мемлекеттік функцияларын жүзеге асырсын, мыналарды:

1) саланы дамытудың келешектегі жоспарларын-болжамдарын әзірлеуді және бірыңғай техникалық саясат жүргізуді;

2) мемлекеттік астық ресурсының баланстарын, оның жұмылдырушылық және сақтандыру қорларын әзірлеуді назарда ұстасын.

8. "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 қыркүйектегі N 865 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 37, 433-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 31 қаңтардағы
N 105 қаулысына
N 1 қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері "Астық"

акционерлік компаниясының жарғылық қорында
қалатын акционерлік қоғамдардың
тізбесі

Ақмола облысы

"Атбасар" нан өнімдері комбинаты" АҚ
"Ақбидай" АҚ
"Қараадыр элеваторы" АҚ
"Адыр элеваторы" АҚ
"Еркіншілік элеваторы" АҚ

Ақтөбе облысы
"Ақбидай" АҚ

Алматы облысы
"Дән" АҚ
"Дәулет" АҚ
"Береке қола" АҚ

Жамбыл облысы
"Ел ырысы" АҚ
"Малдыбай" АҚ

Батыс Қазақстан облысы
"Желаевск нан өнімдері комбинаты" АҚ

Қарағанды облысы
"Астық өнімдері" АҚ

Қызылорда облысы
"Шиелі астығы" АҚ

Көкшетау облысы
"Айыртау" АҚ
"Куйбышева" АҚ
"Шақшақ Жәнібек" АҚ
"Азат" АҚ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК